

31.08.2022ж.

Бұйрық № 93

**«Мектепте 2022-2023 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және каникул
кезеңдерін айқындау туралы»**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауына, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2022 жылғы 25 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы №270 бұйрығын», Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 31.08.2021ж № 229н/қ бұйрығын басшылыққа алып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепте 2022-2023 оқу жылының басталуы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

- 1) 2022-2023 оқу жылының басталуы-2022жылғы 1 қыркүйек;
- 2) оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда -35 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда-36 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері;
1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2022жылы 31 қазан -6 қараша аралығында), қысқы каникул -9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул -9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);
1-сыныптарда: қосымша каникул-7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2. Бұйрықтың мазмұны барлық ата-аналарға, мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріне жеткізілуі қамтамасыз етілсін.

3. Бұйрықтың орындалуына басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Негіз: Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 31.08.2022ж № 229н/қ бұйрығы



Мектеп директоры:

Парманова Г.А.



БҰЙРЫҚ
20.04.2023жыл

ПРИКАЗ
№ 67

**« 2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта
білім беру ұйымдарында білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу
мерзімін бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы
10 сәуірдегі №88 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және
ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепте 2022-2023 оқу жылын
ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту
бөлімінің 19.04.2023ж №90 н/қ бұйрығын негізге алып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте оқу сабақтарын аяқталуы -2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
2. 9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары
2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.
3. 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары-2023
жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.
4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынандай мерзімдері бекітілсін:
9 (10) сынып оқушылар үшін:
 - 1) Қазақ/орыс/өзбек/тәжік тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында
жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын
мектеп үшін-жазбаша жұмыс (мақала,әңгіме, эссе) – 2023 жылғы
2 маусым;
 - 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)
-2023 жылғы 6 маусым;
 - 3) Қазақ тілінде оқытатын сыныптарды орыс тілі мен әдебиеті бойынша
жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс,мәтін бойынша тапсырмаларды
орындау) -2023 жылғы 9 маусым;
 - 4) Таңдау пәні (физика,химия,биология,география,геометрия,Қазақстан
тарихы,дүниежүзі тарихы,әдебиет (оқыту тілі бойынша) , шет тілі
(ағылшын/француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан -
2023 жылғы 13 маусым;

11 (12) сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақ тілі/орыс тілі бойынша және тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;
- 2) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;
- 4) Қазақ тілі мен әдебиеті және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;
- 5) Таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 19 маусымда өткізілсін.

3. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2022-2023 оқу жылын аяқтау қамтамасыз етілсін.

4. Бұйрықтың орындалуына басшылық жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Д.Алданазароваға, Р.Алимуловаға міндеттелсін.

Негіз: Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 19.04.2023ж №90 н/қ бұйрығы

Мектеп директоры:



Парманова Г.А.